

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің тауарлардың жекелеген түрлерінің экспорттың реттеу шараларын іске асыруы жөніндегі негізгі тәсілдер туралы

Еуразиялық Үкіметаралық Кеңестің 2022 жылғы 21 маусымдағы № 8 Өкімі

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер қабылдайтын экспортты реттеу шараларын жақындастыру және ішкі нарықтың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі:

Еуразиялық экономикалық одаққа (бұдан әрі – Одақ) мүше мемлекеттердің үкіметтерімен бірлесіп, осы өкімге қосымшаға сәйкес тізбеде көрсетілген тауарларға қатысты индикативтік баланстарды (бұдан әрі – тізбе, тауарлар, индикативтік баланстар) дайындауды қамтамасыз етсін;

көрсетілген индикативтік баланстарды жартыжылдық бойынша бөле отырып, 30 шілдеден кешіктірмей бір жылға бекітсін және қажет болған жағдайда келесі күнтізбелік жылдың 31 қаңтарына дейін нақтыласын;

тізбеге қажетті толықтырулар енгізсін.

2. Одаққа мүше мемлекеттердің үкіметтері индикативтік баланстарда көзделген параметрлер шенберінде тауарлардың өзара саудада еркін өткізілуін қамтамасыз етсін.

3. Одаққа мүше мемлекеттердің үкіметтерінен тізбеге енгізілген тауарларды Одақтың кедендей аумағынан тыс жерлерге экспорттау кезінде индикативтік баланстарды негізге алу және Одаққа мүше бір немесе бірнеше мемлекет белгілеген экспорттық реттеу шараларын, оның ішінде Одақ шенберінде экспортты реттеудің біржақты және (немесе) бірыңғай шараларын қабылдау арқылы айналып өтуге жол бермеу сұралсын.

4. Осы өкім ресми жарияланған күнінен бастап қүшіне енеді және 2024 жылғы 30 қыркүйекке дейін қолданылады.

Еуразиялық үкіметаралық кеңес мүшелері:

Армения

Республикасынан

Беларусь

Республикасынан

Қазақстан

Республикасынан

Қыргыз

Республикасынан

Ресей

Федерациясынан

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің
2022 жылғы 21 маусымдағы

№ 8 өкіміне
ҚОСЫМША

Индикативтік баланстарды дайындау жүзеге асырылатын
тауарлардың тізбесі

1. Бидай және меслин.
2. Арпа.
3. Жүгері.
4. Күнбағыс тұқымдары.
5. Қант.
6. Күнбағыс майы.
7. Регенерацияланатын қағаз немесе картон (макулатура және қалдықтар).
8. Қара металдардың қалдықтары мен сынықтары.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК